

Келісілді 
«ВАВІ» бөбекжайының
әдіскері: Махамбет Қ.М

Бекітілді 
«ВАВІ» бөбекжайының
директоры: Азмуханбетова Д.А

**Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспары және
Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасы негізінде
2024-2025 оқу жылына «Ботақан» кіші тобына арналған
музыка ұйымдастырылған іс-әрекетінің перспективалық жоспары**

Саз жетекшісі: Г.М Бердигалиева

Түсінік хат

Бұл перспективалық жоспары Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрлігінің 2022 жылғы 3 тамыздағы №348 бұйрығымен бекітілген «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты» және «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік бағдарламасы» 2022ж 14 қазан №422 бұйрығы, «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспары 2022 жылғы 9 қыркүйектегі № 394-бұйрығы негізінде жоспарланып құрылды.

Күтілетін нәтижелер: музыканы эмоционалды көңіл-күймен қабылдайды; музыкалық шығармалардың сипатын ажыратады (баяу және көңілді әндер); қоңыраулардың жоғары және төмен дыбысталуын, фортепианоның дыбысталуын ажыратады; педагогтің дауыс ырғағына, сөздердің созылыңқы дыбысталуына еліктей отырып, жек"елеген сөздер мен буындарды қосып айтады; әндегі сөз тіркестерін айтады (ересектермен бірге); музыкалық аспаптарды ажыратады (барабан, бубен, сылдырмақ, асатаяк); бұрын естіген әндерді таниды; ересектердің көрсеткен қимылдарын қайталайды (шапалақтайды, аяқтарын тарсылдатады, қолдың білектерін айналдырады); әртүрлі кейіпкерлердің қимылдарын ойындарда көрсетеді (қоян секіреді, құс ұшады); музыкалық-ырғақтық қимылдарды: денені оңға, солға бұру, басты оңға, солға ию, қолдарды сермеуді орындайды.

Оқу жүктеме балалардың жас ерекшеліктеріне қарай, санитарлық-гигиеналық нормалар мен ережелерге сәйкес келеді.

Айы	Ұйымдастырылған іс-әрекет	Ұйымдастырылған іс- әрекеттің міндеттері
Қыркүйек	Музыка	Музыка тыңдау: музыка тыңдауға қызығушылықты және түрлі жанрлы музыкалық шығармаларды: ән, полька, марш, вальс, баяу және көңілді әндер тыңдау ережесін сақтауды қалыптастыру Ән айту: ән айтуға қызығушылықты қалыптастыру, тәрбиешінің дауыс ырғағына еліктеу. Музыкалық-ырғақтық қимылдар: музыканың ашық берілген сипатына сай қимылдар жасау; пьесаның екі бөлімді формасының қимылдарын ауыстыру, басталуы мен аяқталуындағы дыбысталу күшін өзгерту (қатты-баяу) Күтілетін нәтижелер: әннің бөліктерін айта алады (ересекпен бірге), ересектердің көрсеткен қимылдарын қайталайды (шапалақтайды, аяқтарымен топылдатады, қол білектерімен айналдыруды орындайды)
Қазан	Музыка	Музыка тыңдау: әннің мағынасын түсіну, қоңыраулардың жоғары және төмен дыбысталуын, фортепианоның дыбысталуын тыңдау Ән-айту: созылыңқы дыбысталуға еліктей отырып ересекпен қосылып ән айту Музыкалық-ырғақтық қимылдар: музыканың сүйемелдеуімен жүру және жүгіру, қол ұстасып, жұптасып, шеңбермен жүру; қарапайым би қимылдары: шапалақтау және бір уақытта аяқпен тарсылдату, жартылай отыру, аяқтан аяққа тербелу Күтілетін нәтижелер: қимылдарды музыканың басталу сәтінен аяқталғанға дейін орындайды (қоян секіреді, көбелектер ұшады); музыка және әннің мазмұнына қарай би қимылдарын шеңберде тұрып орындайды

Қараша	Музыка	Музыка тыңдау: Музыканы тыңдауға қызығушылықты қалыптастыру, музыканы эмоционалды көңіл-күймен қабылдау, оны тыңдау, дыбысталу ерекшеліктерін ажырата білу. Ән-айту: Ән айтуға деген қызығушылықтарын ояту, жекелеген сөздер мен буындарды айту. Музыкалық-ырғақтық қимылдар: Музыканың сүйемелдеуімен топпен және шеңбер бойынша қол ұстасып жүру және жүгіру дағдыларын қалыптастыру. Күтілетін нәтижелер: музыканы эмоционалды көңіл-күймен қабылдайды;
Желтоқсан	Музыка	Музыка тыңдау: Баяу және көтеріңкі дыбысты, музыкалық шығармалардың сипатын (баяу және көңілді әндер) ажырата білу. Ән-айту: Педагогтің дауыс ырғағына, сөздердің созылыңқы дыбысталуына еліктей отырып, ересекпен қосылып ән айту. Музыкалық-ырғақтық қимылдар: Қарапайым би қимылдарын орындау: қолдың білектерін айналдыру, шапалақтау және аяқты тарсылдату, жүрелеп отыру, аяқтарын қозғау, айналу; денені оңға, солға бұру, басты оңға, солға ию, қолдарды сермеу. Күтілетін нәтижелер: музыкалық шығармалардың сипатын ажыратады (баяу және көңілді әндер)
Қаңтар	Музыка	Музыка тыңдау: Әннің мағынасын түсіну, қоңыраулардың жоғары және төмен дыбысталуын, фортепианоның дыбысталуын ажырата білу. Ән-айту: Әнді жеке және топпен айту, әуенді интонациямен және ырғақты дұрыс жеткізу. Музыкалық-ырғақтық қимылдар: Өртүрлі кейіпкерлердің қимылдарын ойындарда көрсету (қанатын жайып ұшқан құстар), ойындар мен әндерді сахналау. Күтілетін нәтижелер: Қоңыраулардың жоғары және төмен дыбысталуын, фортепианоның дыбысталуын ажыратады; әртүрлі кейіпкерлердің қимылдарын ойындарда көрсетеді (қоян секіреді, құс ұшады)

Ақпан	Музыка	Музыка тыңдау: Өртүрлі музыкалық аспаптарда орындалған таныс әуендерді тыңдау, бұл әуендерді тани білу. Ән-айту: Ересектің дауыс интонациясы мен аспапқа бейімделе отырып, әннің қайталанатын сөздерін, музыкалық сөз тіркестерінің соңын бірге айтуға ынталандыру. Музыкалық-ырғақтық қимылдар: Қимылдарды музыкалық аспаптармен (бубенмен, сылдырмақпен, маракаспен) орындау дағдысын дамыту. Күтілетін нәтижелер: Әндегі сөз тіркестерін айтады (ересектермен бірге)
Наурыз	Музыка	Музыка тыңдау: Балаларды кейбір музыкалық аспаптардың (барабан, бубен, сылдырмақ), оның ішінде қазақ халқының ұлттық аспаптарының (асатаяк, сырнай) дыбыстарымен таныстыру. Ән-айту: Ән айтуға деген қызығушылықтарын ояту, жекелеген сөздер мен буындарды айту. Музыкалық-ырғақтық қимылдар: Сюжетті музыкалық ойындарда музыканың сипатына сәйкес кейіпкерлердің қимылдарын көрсету арқылы ойынның бір эпизодынан келесіге өту және қимылдарды бере білу. Күтілетін нәтижелер: музыкалық аспаптарды ажыратады (барабан, бубен, сылдырмақ, асатаяк)
Сәуір	Музыка	Музыка тыңдау: Музыкалық иллюстрациямен сүйемелденетін әңгімелерге қызықтыру. Кейіпкерді иллюстрациялар, әңгімелер бойынша тану және музыканы есте сақтау. Ән-айту: Педагогтің дауыс ырғағына, сөздердің созылыңқы дыбысталуына еліктей отырып, ересекпен қосылып ән айту. Музыкалық-ырғақтық қимылдар: Музыканың сүйемелдеуімен топпен және шеңбер бойынша қол ұстасып жүру және жүгіру дағдыларын қалыптастыру. Күтілетін нәтижелер: Педагогтің дауыс ырғағына, сөздердің созылыңқы дыбысталуына еліктей отырып, жекелеген сөздер мен буындарды қосып айтады;

Мамыр	Музыка	Музыка тыңдау: Музыканы тыңдауға қызығушылықты қалыптастыру, музыканы эмоционалды көңіл-күймен қабылдау, оны тыңдау, дыбысталу ерекшеліктерін ажырата білу. Ән-айту: Әнді жеке және топпен айту, әуенді интонациямен және ырғақты дұрыс жеткізу. Музыкалық-ырғақтық қимылдар: Қарапайым би қимылдарын орындау: қолдың білектерін айналдыру, шапалақтау және аяқты тарсылдату, жүрелеп отыру, аяқтарын қозғау, айналу; денені оңға, солға бұру, басты оңға, солға ию, қолдарды сермеу. Күтілетін нәтижелер: Ересектердің көрсеткен қимылдарын қайталайды (шапалақтайды, аяқтарын тарсылдатады, қолдың білектерін айналдырады); музыкалық-ырғақтық қимылдарды: денені оңға, солға бұру, басты оңға, солға ию, қолдарды сермеуді орындайды.
-------	--------	--

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

1. Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрлігінің 2022 жылғы 3 тамыздағы №348 бұйрығымен бекітілген Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты.
2. Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік бағдарламасы 2022ж 14 қазан №422 бұйрығы.
3. Алақай «Көркем сөз әлемі» 1-кітап «Аруна», 2000
4. Алақай (хрестоматия) «Аруна», 2000
5. «Зерек ботақан» 2015,2014
- 6.Музыка әліппе-дәптер. «Алматыкітап», 2003
7. Музыка әліппе-дәптер. «Алматыкітап», 2012
8. «Би ұжымын құру және би ұжымымен жұмыс» әдістемесі
9. Иноземцева Г.В. народный танец. -1971.
10. Ткаченко Г. Народный танцы. М-1975